

«Рухани жаңғыру-Болашаққа бағдар» аясында «Ауылым-алтын бесігім» тақырыбындағы шеберлік кураторлық сағаты

2020 жылдың 14 ақпанында ҚарМТУ машинажасау факультетінің «Нанотехнологиялар және металлургия» кафедрасының МЕТ-18-3 тобының студенттері кураторымен бірлесіп, онлайн-конференция режимінде (ZOOM бағдарламасы) арқылы «Рухани жаңғыру-Болашаққа бағдар» аясында «Ауылым-алтын бесігім» тақырыбындағы кураторлық сағаттың шеберлік сабағын өткізді.

Бұл бас қосуыдың басты мақсаты - Елбасының **«Рухани жаңғыру - Болашаққа бағдар, бағдарламасының «Туған өлке»** бағытының орындалуына студенттеріміздің өз үлестерін қосу болып табылады. Сонымен қатар келесідей мақсаттар да көзделген:

- Студенттердің туған жер, ауыл туралы түсініктерін кеңейту.
- Туған жердің қадір – қасиетін ұғынуға, өз ойларын жүйелі түрде жеткізе білуге үйрету.
- Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін, сезімін қалыптастыру.
- Туған Отаның құрметтеуге тәрбиелеу.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы-қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру- баршамыздың міндетіміз.

Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор.

Ең бастысы-жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным- өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті «Туған жер» бағдарламасын қолға алу- жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс.

Ауыл – әр адамның құтты, киелі мекені.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз,

жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ал осы рухани құндылықтың тамыры- ауылда екен.

Қазақ ауылда өскен. Ауылда еңбек еткен. Ауылда ұрпағын өрбіткен. Бір сөзбен айтқанда, қазақ үшін ауыл – алтын бесік, қасиетті мекен.

Ауыл-ата-бабаларымыздың кіндік қаны мен мандай тері төгілген киелі мекені, халқымыздың бойына нәр құятын алтын бесігі, қуат алар қайнар көзі. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз!» дегендей, ауыл көркейсе, халық өмірі, оның әлеуметтік жағдайы көтеріледі.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі, күре тамыры. Сөз өнерін айшықтап, жырдан кесте төккен ақын-жазушыларымыз да, көкірегіне ән қонақтаған әнші, сазгерлеріміз, аты аңызға айналған даналарымыз, депутаттар да, министрлер де сол қарапайым ауылдың қара шанырағынан шыққан.

Тектіліктің тамырын тереңге тартқанын ойлайтын халықпыз ғой. Өткенімізден өнеге алар, үлгі болар сәттерін еске түсіріп, естелігін тыңдап, тағылымын ұғынып өсуге арналған бұл тәрбие сағатымыздың мәні зор.

Елдің еңсесін көтеру жастардың мойындағы міндеті, бабалар заманнан қалған арман – тілекті алға апарушы жастар екенін әрбір жас білуі тиіс. Аманаттың ақ ордасы – ауыл. Ауыл мәдениетін көркейтуіміз керек. Аманаттың ақ жолына қанат қағайық, ағайын.

Сабәқ барысында студенттер өздерінің ауылдарын видеоға түсірілген бейнебаян ретінде таныстырды, тақырып бойынша өлеңдер оқылып, ән айтылып, ауылды көркейту мәселесі бойынша өз ойларын жеткізіп, белсенділік танытты. Сонымен қатар ауыл тақырыбында мақал-мәтелдер сайысы, сондай-ақ ұлттық нақышта викториналық сұрақ-жауап ойындары орын алды.

Мұндай іс-шаралардың студенттер үшін тәрбиелік мәні зор, себебі олар арқылы жастарды Туған жерін қадірлеп, қастерлеу, Отан сүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелейміз.

Топ кураторы

Мажитова Л.А.